

Ғылымдағы трансформация

Ел экономикасының негізі, тірегі саналатын ғылым саласында былтыр да маңызды шешімдер қабылданып, қыруар жұмыс атқарылды. Соның негізгілеріне шолу жасап көрелік.

Айдана ШОТБАЙҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің айтуынша, өткен жылы отандық ғылымның қаржыландырылуы 3,5 есе артқан. Алдағы 3 жылға 643 млрд теңге бөлінді.

– Ғылымның басқару моделі өзгерді. Былтыр 1 желтоқсаннан бастап «Отбасы банкімен» бірлесіп жас ғалымдарға арналған жеңілдетілген тұрғын үй бағдарламасы іске қосылды. Коммерцияландыру және қолданбалы ғылымның қаржыландырылуы 2,5 есе өсті. Әсіресе Ғылым қорынан беріліп отырған жыл сайынғы коммерцияландыру гранттары 4 есе, яғни 17 млрд теңгеге дейін артты. Ғалымдардың жалақысы 2,5 есе, соның ішінде 1700 жетекші ғалымның еңбекақысы 70 пайызға көбейді. Ал жоғары оқу орындарындағы профессорлық-оқытушылық құрамның жалақысы өткен жылдан бастап жыл сайын республикалық бюджеттен 25 пайызға өсіп отырады, – деді С.Нұрбек.

Осыған дейін жай ғана қоғамдық ұйым ретінде жұмыс істеп келген Ұлттық ғылым академиясына мемлекеттік мәртебе берілді. Осылайша, академия жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын коммерциялық емес акционерлік қоғамға айналды. Соның негізінде 2023 жылдан Ұлттық ғылым академиясын толық трансформациялау басталды. Бұл үшін Үкімет академиктердің ұсынысы бойынша академияны трансформациялау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрды. Комиссияның міндеті академия қызметінің негізгі бағыттары бойынша бірыңғай ұстанымды қалыптастыру болды. Осыған орай Үкімет тиісті қаулыны қабылдады. Қабылданған қаулыға сәйкес, «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» коммерциялық емес акционерлік қоғам қызметінің негізгі бағыттары айқындалды.

Сонымен қатар бірқатар отандық жоғары оқу орны «зерттеу университеті»

мәртебесін алды. Зерттеу экожүйесін құру және серпінді технологияларды дамыту мақсатында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті зерттеу университеттеріне айналды. «Зерттеу университеті» мәртебесі университеттік ғылымды дамыту міндетін жүктейді. Ал жоғары оқу орындарындағы ғылым елдің әлеуметтік-экономикалық тұрғыда дамуына үлес қосуға, экономиканың түрлі салаларында жаңа өнімдер мен технологиялық үдерістерді құруға, ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландырудан түсетін табысты ұлғайтуға, жаңа кәсіптер мен технологияларды ескере отырып, инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Ғылым және жоғары білім министрлігі жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жұмысын жалғастырып жатыр. С.Нұрбектің пікірінше, бұл қадам ашу отандық университеттердің экспорттық мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында қолға алынған. Бүгінде Шотландия, Польша, Италия, Германия, Қытай, Оңтүстік Корея, Ресей секілді мемлекеттердің үздік университеттерінің филиалы ашылды.

Былтыр түрлі зертханалардың да іске қосылғанын атап өтуге тиіспіз. Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде екі заманауи зертхана пайдалануға берілді. Шет тілдер факультеті жанынан ашылған SMART-lab цифрлық құзыреттілікті дамыту және бағалау орталығы өз жұмысын бастады. Орталық Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранты негізінде құрылды. Басты міндеті – барлық бейіндегі педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін дамыту, қалыптастыру әрі бағалау. Орталық заманауи жабдықтармен жабдықталған. Бағдарламалық жасақтама оқытушыларға дизайнерлер мен бағдарламашыларды тартпай-ақ, бейне дәрістер жазуға, тестілеуді

ұйымдастыруға және цифрлық өнімдерді шығаруға мүмкіндік береді.

Ал физика-техникалық факультетте электроника, аспап жасау және роботтехника оқу-зерттеу зертханасы ашылды. Онда студенттер мен магистранттарға электронды аспаптарды, микроконтроллер құрылғыларын, роботтехникалық жүйелерді жобалаудың, құрастырудың және дайындаудың заманауи әдістерін үйрету үшін қажеттінің бәрі бар.

«Зертханада жоспарлаудан, электронды құрылғы жасаудан бастап, жұмысқа деген қабілеттілікті тексеруге дейінгі жұмыстың барлық кезеңі қолжетімді. Бізде фотополимерлі 3D принтер бар. Онда жарықтың әсерінен фигура қалыптасады. Бұл принтер анағұрлым дәлірек, бізге бұрын қолжетімді болмаған нәрселерді жасауға мүмкіндік береді. Барлық жабдық заманауи әрі бір жерде жинақталған, бұл оқытушылар




КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ
ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ
ҒЫЛЫМНЫҢ
ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛУЫ

2,5 ЕСЕ ӨСТІ




АЛДАҒЫ 3 ЖЫЛҒА
643 МЛРД
ТЕНГЕ БӨЛІНДІ




ҒЫЛЫМ ҚОРЫНАН БЕРІЛЕТІН
КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ
ГРАНТТАРЫ 4 ЕСЕ, ЯҒНИ

17 МЛРД ТЕНГЕГЕ ДЕЙІН
АРТТЫ



ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ
2,5 ЕСЕ, СОНЫҢ ІШІНДЕ
1700 ЖЕТЕКШІ ҒАЛЫМНЫҢ
ЕҢБЕКАҚЫСЫ

70%-ҒА КӨБЕЙДІ



ЖОО ПРОФЕССОРЛЫҚ-
ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ
ЖАЛАҚЫСЫ ЖЫЛ САЙЫН

25%-ҒА ӨСІП ОТЫРАДЫ



«ОТБАСЫ БАНКІНДЕ»
ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА
АРНАЛҒАН
ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН
ТҰРҒЫН ҮЙ
БАҒДАРЛАМАСЫ ІСКЕ
ҚОСЫЛДЫ

мен студенттерге өте ыңғайлы», дейді Радиофизика және электроника кафедрасының профессоры Дмитрий Афанасьев.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің базасында отандық электромобильдер мен басқа да электр көлік құралдарын жобалау және дайындау, сертификаттау зертханасы ашылды. Зертханада университеттің жас ғалымдары «жасыл экономика» талаптарына сай қолданыста жүрген автомобильдердің қозғалтқыштарын электрлі қозғалтқыштармен алмастырып, электромобильге айналдыру жұмыстарын тестілеуден өткізді. Бүгінде екі электромобиль және бір электр трициклі дайын болды: «Кемет» электр джипі, электр қозғалтқышы бар БМВ автокөлігі және «Тана» электр трициклі. Аталған жұмыстар Шымкент қаласындағы электромобиль құрастырумен айналысып жүрген «OQ technologies Qazaqstan»

өнертапқыштарымен бірлесе жүргізілді. БМВ автокөлігіндегі 500 мың километр жүрген жанармай қозғалтқышы жаңа электр қозғалтқышына ауыстырылды. Батареялардың заряды 350 шақырымға жетеді, электромобильдің сағатына 100 км-ге дейін үдеуі 6 секундты құрайды. «Тана» электрлі трициклі 500-700 килограмм жүк көтергішімен, алынбалы аккумуляторы бар электр қозғалтқышымен жабдықталған. Қытайлық аналогтардан айырмашылығы, трицикл сенімді электр қозғалтқышы бар сапалы материалдардан жасалған. «Тана» трициклдің қызмет ету мерзімі қытайлық баламадан 2 есе көп. Батарея заряды таусылған жағдайда, жай ғана басқа зарядталған батареямен ауыстырылады. Сондықтан «Тана» трициклі батареяларды қуаттауға тоқтамайды. Шымкент қаласының кәсіпорындарынан 20 «Танаға» тапсырыс түскен.